

«БОЛАШАҚ» мектебі мекемесі



2023-2024 оқу жылының ІІ тоқсанындағы тәрбие жұмысының есебі

Кіріспе

2023-2024 оқу жылының ІІ тоқсанында мектепте 1-11 сынып аралығында 65 сынып комплектісі бар, атап айтқанда:

1-4-сыныптарда 30 сынып,

5-9-сыныптарда 29 сынып,

10-11 сыныптарда-6 сынып.

1-11 сыныптарда барлығы 1131 оқушы білім алды. Тәрбие жұмысын тиімділікпен ұйымдастыру мақсатында мектепте сынып жетекшілері жұмыс істейді. Сынып жетекшілердің барлығы - жоғары білімді, бұйрық бойынша сынып жетекшілікке тағайындалған. 2023-2024 оқу жылындағы тәрбиенің жылдық жоспары Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрінің 2020 жылғы 22 сәуір №227 бұйрығымен бекітілген тәрбиенің тұжырымдамалық негізінде мектеп басшысымен 01.09.2023 ж бекітілді.

Тәрбие жұмысының мазмұны

Білім берудің жаңа деңгейіне өту жағдайында және тәрбиенің білім беру үрдісінің өсуіне байланысты тәрбие күнделікті жаңа әдістерді іздеуді талап етеді. Қазір білім мен тәрбие беруде жеке тұлғаның рухани-адамгершілік дамуына және ұлтжандылық қасиеттерді бойына сіңіруге үлкен мән беріліп отыруына орай, азаматтық-патриоттық, адамгершілікке тәрбиелеу мен рухани жағынан қалыптасуы барлық тәрбие бағыттарының өзегі болып отыр.

Мектебіміздің тәрбие жұмысының мақсаты

Үздіксіз тәрбие беру жүйесінде білім алушылардың Қазақстан Республикасының Азаматтары және ұлттық рухты патриоттары ретінде қалыптасуы мен өз өздерін танытуларына, болашақ маман иесі болып, кәсіби интеллектуалды және шығармашылыққа жетуіне оңтайлы жағдай жасау.

Тәрбие жұмысының міндеттері

- Денсаулығы зор,рухани дүниесі бай,адамгершілікті,тәуелсіз жеке тұлғаны қалыптастыруға ықпал ететін тәрбие жүйесін құру және дамыту.
- балаларды азаматтылыққа,отансүйгіштікке,зиялылыққа,адам құқықтары мен бостандықтарын,мемлекеттік рәміздер мен ұлттық дәстүрлерді сыйлауға тәрбиелеу ;
- балалардың бойында Қазақстанға сырттан енуші этнодіни экстремизм мен түрлі радикалды ағымдарға қарсы әрекет ете алатын дағдылар қалыптастыру;
- отбасылық тәрбие жүйесін қайта жандандыру және отбасын білім беру мекемелерінің тәрбие жүйесіне араластыру.

Тәрбие жұмысы 3 құндылық негізінде жұмыс атқарылуда:

- ▶ Ұлттық мүдде
- ▶ Ар-ұят
- ▶ Талап

- Білім тәртіптен басталатындықтан, оқушылардың біріңғай талапты, мектеп формасын, мектептің ішкі ережесін орындаулары бақыланады. Қазақстанның әлемдегі бәсекеге қаблетті елу елдің қатарына кіруі жөнінде мемлекет басшысы алға қойған міндетті жүзеге асыруда халықтың денсаулығы ең маңызды мәселе болып табылады. Бүгінгі таңда мектебімізде оқушының алаңсыз білім алуы үшін дене тәрбиесімен айналысуына, салауатты өмір салтын ұстануына бағытталған іс-шаралар жоспары құрылған. Сынып жетекшілердің әр оқушыны зерттеп, ата-анамен, қоғамдық ұйымдармен жұмыс істеу сапасын жақсарту жұмыстары алға қойылды. Оқу жылының басында тәрбие жұмысы әртүрлі мазмұнды, түрлі формада ұйымдастырылып, оқушы бойына ұлттық салтымызды дарыта отырып, жалпы адамзаттық құндылықтарды қалыптастыру арқылы жүзеге асуда. Әрбір жеке тұлғаға кешенді тәрбие беру үшін зерттеу жұмыстары жүргізіледі.

2023-2024 оқу жылының ІІ тоқсанында өткізілген іс-шаралар

- ▶ 1. Күзгі бал
- ▶ 2. 5-7 сынып қыздар жиналысы
- ▶ 3. «Тәуелсіздік күніне» орай мерекелік іс-шара
- ▶ 4. «Жас ұлан» тобына оқушыларды қабылдау
- ▶ 5. Мектепішілік дебат
- ▶ 6. Волейбол турнирі
- ▶ 7. Баскетбол турнирі
- ▶ 8. Футбол турнирі
- ▶ 9. «Қош келдің 2024» жаңа жылдық шырша

Күзгі бал-2023



5-7 сынып қыздар жиналысы



Тәуелсіздік күніне орай мерекелік іс-шара



«Жас Ұлан» тобына оқушыларды қабылдау



Мектепішілік дебат



Мектепішілік волейбол турнирі



Мектепішілік баскетбол турнирі



Мектепішілік футбол турнирі



2023-2024 оқу жылының ІІІ тоқсанында өткізілетін іс-шаралар

- ▶ 1. 1-сынып оқушыларының «Әліппемен қоштасу» кеші
- ▶ 2. Мұғалімдер арасында спорттық-интеллектуалдық эстафеталық сайыс
- ▶ 3. 7-11 сынып қыздар жиналысы
- ▶ 4. Жоғары сынып оқушыларының Түркістан қаласына саяхаты
- ▶ 5. «Табиғатым- тал бесігім» 1-7 сынып оқушыларының газеттер көрмесі
- ▶ 6. 15 ақпан Кеңес әскерінің Ауған жерінен шығарылған күні қарсаңында ардагерлермен кездесу
- ▶ 7. Мектепішілік дебат
- ▶ 8. Мектеп инспекторымен ұлдар кездесуі
- ▶ 8. 8-наурыз Халықаралық әйелдер күніне орай мерекелік іс-шара
- ▶ 9. «Жас маман-2024»
- ▶ 10. Наурыз мерекесі